Құрылғыны тазалау
Жуғыш зат тартпасын тазалау
Құрылғы барабанына күтім көрсету
Сорғыны тазалау
Судың кіріс түтігін тексеру

Ақаулықтарды жою, 23

Көмек, 24



KZ.O.02.0361

! Бұл нұсқаулықты кейін қарау үшін жоғалып қалмайтындай бір жерге сақтап қою керек. Кір жуғыш машина сатылса, тегін берілсе немесе жылжытылса, нұсқаулық құрылғымен бірге болатынын қамтамасыз етіңіз, солайша оның жаңа иесі нұсқаулықтың ішіндегі кеңестерді пайдалана алады.


! Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз: оның ішінде құрылғыны қауіпсіз орнату және қолдану туралы маңызды ақпараттар қамтылған.

! Осы нұсқаулықты қамтитын орамада кепілдік пен орнатуға қажетті барлық мәліметтер де бар.

Қаптамадан алу және түзулеу

Қаптамадан алу

1. Кір жуғыш машинаның барлық қаптамасын шешіп алғаннан кейін, тасымалдау кезінде ол зақымдалмағанын тексеріңіз. Ол зақымдалған болса, сатушыға хабарласыңыз және орнату үдерісін тоқтатыңыз.



2. Құрылғының артқы жағында орналасқан 4 қорғаныш бұрандасын (тасымалдау кезінде қолданылады) және тиісті төсемді алып тастаңыз (суретті қараңыз).


3. Тесіктерді қаптамада берілген пластикалық тығындармен жабыңыз.

4. Барлық бөлшектерді сақтап қойыңыз; олар кір жуғыш машинаны басқа жерге тасымалданатын болса, құрылғының ішкі бөліктерін қорғау үшін керек болады.

! Қаптама материалдарын балалардың ойыншығы ретінде қолдануға болмайды.

Түзулеу

1. Кір жуғыш машинаны қабырғаға немесе шкафқа сүйемей, тегіс әрі қалыпты еденге қойыңыз.



2. Еден тегіс болмаса, құрылғының алдыңғы аяқтарын реттеп, оны көлденең қалыпқа жеткізуге болады (иілу бұрышы 2 градустан аспауы керек).


! Құрылғы дұрыс түзуленсе, ол қалыпты болады және жұмыс істеп тұрған кезде діріл мен шуыл шығару мүмкіндігі аз болады, әсіресе сығу циклы барысында.

! Құрылғы кілемге немесе кілемшеге қойылса, аяқтарын оның астында вентиляция үшін жеткілікті орын болатындай реттеу керек.


Ток пен суды қосу

Судың кіріс түтігін жалғау

! Кіріс түтігін суға қосудан бұрын, су тап-таза болғанша, оны ағызып алыңыз.



1. Кіріс түтігін құрылғының артқы жағының жоғарғы оң жағында орналасқан суық су кірісіне бұрап жалғаңыз (суретті қараңыз).



2. Кіріс түтігін суық су шүмегіне 3/4 газдық бұранда қосылымын пайдалана отырып бұрап жалғаңыз (суретті қараңыз).


3. Түтік бүктелмегеніне немесе майыстырылмағанына көз жеткізіңіз.

! Шүмектегі су қысымы Техникалық деректер кестесінде көрсетілген мәндер аралығында болуы тиіс (келесі бетті қараңыз).


! Кіріс түтігінің ұзындығы жеткіліксіз болса, мамандырылған дүкенге немесе куәландырылған маманға хабарласыңыз.

! Бұрын қолданылған немесе ескі кіріс түтіктерін қолданбаңыз; құрылғымен бірге берілген өнімдерді қолданыңыз.

Ағызу түтігін жалғау



Ағызу түтігін еш майыстырмай, еденнен 65-100 см жоғары орналасқан ағызу құбырына немесе қабырғадағы канализация құбырына жалғаңыз.



Немесе, ағызу түтігін ваннаға салып, берілген түтікті шүмекке бекітіңіз (*суретті қараңыз*). Түтіктің шеті су астында болмауы тиіс.

! Түтікті ұзартуға қарсымыз; бірақ басқа амалы болмаса, ұзарту түтігінің диаметрі бастапқы түтіктің диаметрімен бірдей болуы және оның ұзындығы 150 см-ден аспауы керек.

Электр қосылымдары

Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын, мына жағдайларға көз жеткізіңіз:

- розетка жерге тұйықталған және қолданыстағы заңды ережелерге сәйкес келеді;
- розетка Техникалық деректер кестесінде көрсетілген құрылғының ең жоғарғы қуатына төзімді (*жанындағы ақпаратты қараңыз*);
- қуат көзінің кернеуі Техникалық деректер кестесіндегі мәндер ауқымында (*жанындағы ақпаратты қараңыз*);
- розетка құрылғының айырына сәйкес келеді. Олай болмаса, розетканы немесе айырды ауыстыртыңыз.

! Жабық жер болса да, құрылғыны сыртта қолданбау қажет. Құрылғыны жаңбыр, боран және басқа да ауа-райы жағдайларында қалдыру аса қауіпті.

! Кір жуғыш машина орнатылғаннан кейін розеткаға оңай қол жеткізу мүмкін болуы тиіс.

! Бірнеше розеткалар мен ұзартқыш сымдарын пайдаланбаңыз.

! Сымды майыстыруға немесе оған қысым салуға болмайды.

! Ток сымы мен айырды тек өкілетті мамандар ауыстыруы тиіс.


Ескерту! Осы ережелер сақталмаған жағдайда, компания жауапты болмайды.

Техникалық деректері

Үлгі	AQ7D 29 U
Өлшемдері	ені 59,5 см биіктігі 85 см тереңдігі 58 см
Сыйымдылығы	1 - 7 кг
Электр қосылымдары	құрылғыға бекітілген техникалық деректер тақтасын қараңыз
Су қосылымдары	ең жоғары қысым 1 МПа (10 бар) ең төмен қысым 0,05 МПа (0,5 бар) барабан сыйымдылығы 52 литр
Айналдыру жылдамдығы	1200 айналым/мин мәніне дейін
Қуатты есептеу бағдарламалары мына стандартқа сәйкес:	бағдарламасы; температура 60°C; 7 кг жүкті қолдана отырып. EN 60456
 	Бұл құрылғы төмендегі ЕО директиваларына сәйкес келеді: - 2004/108/ЕС (Электр магниттік үйлесімділік) - 2006/95/ЕС (Төмен кернеу) - 2002/96/ЕС

Құрылғы сипаттамасы

KZ



ЕСІК




Есікті ашу үшін әрқашанда тұтқаны пайдаланыңыз (суретті қараңыз).

! Қосымша 3-бөлік пайдаланылса, алдын ала жуу функция істемейді.


☞ қосымша жуғыш заттар бөлігі: кондиционерлер мен сұйық қосымша заттар үшін. Тормен көрсетілген ең жоғары деңгейден аспау және концентрленген кондиционерлер сұйылтылғаны жөн.

ЖУҒЫШ ЗАТ ТАРТПАСЫ



Жуғыш зат тартпасы құрылғы ішінде орналасқан және оған есікті ашу арқылы қол жеткізуге болады. Жуғыш зат өлшемдері туралы қосымша ақпарат алу үшін «Жуғыш заттар мен кірлер» тарауын қараңыз.


СЕНСОРЛЫҚ БАСҚАРУ ТАҚТАСЫ



Параметрлерді реттеу үшін, суретте көрсетілгендей сенсорлық (сенсорлық басқару) аумақ ішіндегі белгішені жайлап басыңыз.

Күту режимі

Осы кір жуғыш машина, жаңа қуатты үнемдеу ережелеріне сәйкес, ешбір әрекет байқалмаса, шамамен 30 минуттан кейін қосылатын автоматты күту жүйесімен жабдықталған. ҚОСУ-ӨШІРУ түймесін аз уақыт басып, құрылғының іске қосылуын күтіңіз.




1. алдын ала жуу бөлігі: ұнтақ жуғыш затты пайдаланыңыз. **! Жуғыш затты салмас бұрын, қосымша 3-бөлік алынғанына көз жеткізіңіз.**
2. негізгі жуу бөлігі: ұнтақ немесе сұйық жуғыш затты пайдаланыңыз. Екінші жуғыш зат түрі пайдаланылса, оны жуғыш машинаны іске қосар

қоспас бұрын тартпаға құю абзал.

3. қосымша бөлік: Ағартқыш

Сенсорлық басқару тақтасы



🕒 **ҚОСУ/ӨШІРУ** индикатор шамы бар түйме оны құрылғыны қосу немесе өшіру үшін аз уақыт басыңыз. Жасыл индикатор шамы құрылғының қосылғанын білдіреді. Жуу циклы барысында кір жуғыш машинаны өшіру үшін, түймені шамамен 3 секунд басып ұстап тұрыңыз; егер түйме аз уақыт немесе кездейсоқ басылса, құрылғы өшпейді. Құрылғы жуу циклы барысында өшірілсе, бұл жуу циклы доғарылады.

ЖУУ ЦИКЛЫН ТАНДАУ тұтқасы: кез келген бағытта бұрауға болады. Ең қолайлы жуу циклын таңдау үшін «Жуу циклдарының кестесі» атты кестені қараңыз. Жуу циклы барысында бұл тұтқа қозғалмайды.

M1-M2-M3 түймелері: құрылғының жадына өзіңіз қалаған параметрлер жинағы бар циклды сақтау үшін түймелердің бірін басып ұстап тұрыңыз. Бұрын сақталған циклды шақыру үшін тиісті түймені басыңыз.

ТЕМПЕРАТУРА  түймесі температура параметрін өзгерту немесе алып тастау үшін басыңыз; таңдалған мән жоғарыдағы дисплейде көрсетіледі («Жуу циклын іске қосы» тарауын қараңыз).

СЫҒУ ЦИКЛЫ түймесі: сығу циклын өзгерту немесе алып тастау үшін басыңыз; тандалған мән жоғарыдағы дисплейде көрсетіледі (*«Жуу циклын іске қосу» тарауын қараңыз*).

КЕШІКТІРІП БАСТАУ  түймесі: тандалған жуу циклы үшін кешіктіріп бастауды орнату үшін басыңыз; орнатылған кешіктіру уақыты жоғарыдағы дисплейде көрсетіледі (*«Жуу циклын іске қосу» тарауын қараңыз*).

ОПЦИЯ түймелері: бар опцияларды таңдау үшін басыңыз. Тандалған опцияға сәйкес келетін индикатор шамы жанып тұрады («Жуу циклын іске қосу» тарауын қараңыз).

ЖУУ ЦИКЛЫНЫҢ КЕЗЕҢІ белгішелері: олар жуу циклының барысын көрсету үшін жанады (Жуу ☹ – Шаю ☹ – Сығу ☹ – Суды төгу ☹). Цикл аяқталғанда END мәтіні жанады.

Индикатор шамы бар **БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҮРУ** түймесі: жасыл индикатор шамы баяу жыпылықтап тұрғанда, жуу циклын бастау үшін түймені басыңыз. Цикл басталғаннан кейін индикатор шамы бір қалыпта жанып тұрады. Жуу циклын тоқтата тұру үшін, түймені тағы бір рет басыңыз;

индикатор шамы қызғылт сары түспен жыпылықтайды. Егер «Ескі құлыптаулы»  индикатор шамы өшсе, ескіті ашуға болады. Жуу циклын тоқтатылған жерінен бастау үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ — О индикатор шамы: есік құлыптаулы екенін білдіреді. Есікті ашу үшін жуу циклын тоқтатып қойыңыз («Жуу циклын іске қосу» тарауын қараңыз).

Индикатор шамы бар **БАСҚАРУ ТАҚТАСЫН ҚҰЛЫПТАУ**  түймесі басқару тақтасының құлпын қосу немесе өшіру үшін түймені шамамен 2 секунд басып ұстап тұрыңыз. Индикатор шамы жапып тұрғанда басқару тақтасы құлыпталған жағдайда болады. Яғни, жуу циклидарын кездейсоқ түрде өзгертуден қорғауға болады, әсіресе, үйде балалар болса.

ЭКО индикатор шамы: жуу параметрлері өзгертілгеннен кейін ЕСО белгішесі жанады, мұның нәтижесінде кем дегенде 10% қуат үнемделеді. Оған қоса, құрылғы «Күту» режиміне өтпес бұрын белгіше бірнеше секунд жанып тұрады; құрылғы өшірілсе, қуатты үнемдеу 80% мөлшеріне дейін жететіні анықталған.

ТІЛДІ АУЫСТЫРУ

Құрылғы алғаш рет қосылған кезде, дисплейде бірінші тіл жыпылықтайды. Дисплейде оң жақтағы 3 түймеге сәйкес келетін «**Λ**», «**OK**» және «**V**» таңбалары пайда болады. Тілдер әрбір 3 секунд сайын автоматты түрде ауысады; немесе оларды «**Λ**» және «**V**» таңбаларының жанындағы түймелерді басу арқылы ауыстыруға болады. Тілді растау үшін «**OK**» түймесін басыңыз, ол 2 секундтан кейін орнатылады. Ешбір түйме басылмаса, 30 секундтан кейін автоматты түрде тілді ауыстыру басталады.

Құрылғы өшіп тұрған кезде ғана тілді ауыстыруға болады.

Температура  +сығу  +кешіктіріп бастау  түймелерін 5 секунд басып ұстап тұрыңыз; қысқа сигнал естіліп, дисплейде орнатылған тіл жыпылықтайды. Тілді ауыстыру үшін «**Λ**» және «**V**» таңбаларының жанындағы түймені басыңыз. Тілді растау үшін «**OK**» таңбасының жанындағы түймені басыңыз, ол 2 секундтан кейін орнатылады. Ешбір түйме басылмаса, 30 секундтан кейін бұрын орнатылған тіл көрсетіледі.

Құрылғыны қосу.

Жуу циклын іске қосу

KZ

ЕСКЕРТУ: кір жуғыш машинаны алғаш рет пайдаланбас бұрын, алдын ала жуусыз 90° мақта циклын қолдана отырып, жуғыш затпен кірлерді салмай-ақ, жуу циклын іске қосыңыз.

- 1. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚОСЫҢЫЗ.**  түймесін басыңыз. Барлық индикатор шамдары 1 секундқа жанады да, дисплейде AQUALTIS мәтіні пайда болады; одан кейін  түймесіне сәйкес келетін индикатор шамы қалыпты түрде жанып тұрады және БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ индикатор шамы жыпылықтайды.
- 2. БАҒДАРЛАМАНЫ ТАҢДАҢЫЗ.** Қажетті бағдарлама таңдалғанға дейін БАҒДАРЛАМА ТҰТҚАСЫН сол немесе оң жаққа бұрыңыз; дисплейде бағдарламаның атауы пайда болады. Әрбір бағдарлама үшін температура мен сығу жылдамдығы орнатылған; оларды реттеуге болады. Дисплейде циклдың мерзімі де көрсетіледі.
- 3. КІРЛЕРДІ САЛЫҢЫЗ.** Есікті ашыңыз. *Келесі беттегі жуу циклдарының кестесінде көрсетілген* ең көп жүк мәнінен асып кетпеуге назар аударып, кірлерді салыңыз.
- 4. ЖУҒЫШ ЗАТТЫ ӨЛШЕҢІЗ.** Жуғыш зат тартпасын ашып, «Құрылғы сипаттамасы» тарауында айтылғанмен сәйкес жуғыш затты тиісті бөлікке салыңыз.
- 5. ЕСІКТІ ЖАБЫҢЫЗ.**

- 6. ЖУУ ЦИКЛЫН ӨЗГЕРТІҢІЗ.** Басқару тақтасындағы тиісті түймелерді қолданыңыз:

  **Температура және/немесе сығу жылдамдығын өзгерту.**

Таңдалған циклдың ең жоғарғы температурасы мен сығу жылдамдығының мәндерін немесе, таңдалған циклмен үйлесімді болса, ең соңғы рет қолданылған параметрлерді құрылғы автоматты түрде көрсетеді.  түймесін басу арқылы температураны суық сумен жуу циклының «ӨШІРУЛІ» параметріне жеткенше төмендетуге болады.  түймесін басу арқылы сығу жылдамдығын «ӨШІРУЛІ» параметріне жетіп, толығымен өшірілгенше, біртіндеп төмендетуге болады. Бұл түймелер тағыда басылса, ең жоғарғы мәндер қалпына келеді.

! Қиыс жағдай: «Мақта» бағдарламасы таңдалса, температураны 90°C-қа дейін көтеруге болады.

 **Кешіктіріп бастауды орнату.**

Таңдалған цикл үшін кешіктіріп бастауды орнату үшін, қажетті кешіктіру мерзіміне дейін жеткенше тиісті түймені қайта-қайта басыңыз. Орнату процедурасы барысында кешіктіру мерзімі мен «**Басталуға дейінгі уақыт:**» мәтіні жыпылықтаған  таңбасымен бірге көрсетіледі. Кешіктіріп бастау орнатылғаннан кейін,  таңбасы дисплейде көрсетіліп тұрады, онда таңдалған циклдың мерзімін көрсету үшін «**Аяқталуға дейінгі уақыт:**» мәтіні мен цикл мерзімі көрсетіледі. Бұрын орнатылған кешіктіру уақытын көрсету үшін КЕШІКТІРІП БАСТАУ түймесін бір рет қана басыңыз. Артқа санау басталғаннан кейін дисплейде «**Басталуға дейінгі уақыт:**» мәтіні мен кешіктіру мерзімі көрсетіледі. Орнатылған кешіктіру уақыты өткеннен

кейін, құрылғы циклды бастап, «**Аяқталуға дейінгі уақыт:**» пен қалған уақытты цикл аяқталғанша көрсетіп тұрады. Кешіктіріп бастау опциясын алып тастау үшін дисплейде ӨШІРУЛІ мәтіні көрсетілгенше түймені басыңыз;  таңбасы жоғалады.

  **Цикл параметрлерін өзгерту.**

- Опцияны қосу үшін түймені басыңыз; одан кейін дисплейде опцияның атауы көрсетіліп, тиісті индикатор шамы жанады.
- Опцияны өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз; одан кейін дисплейде опцияның атауы мен ӨШІРУЛІ мәтіні көрсетіліп, тиісті индикатор шамы жанады.

! Таңдалған опция таңдалған жуу циклымен үйлесімді болмаса, бұл үйлесімділікті жыпылықтаған индикатор шамы мен дыбыс сигналы (3 рет) білдіреді; опция қосылмайды.

! Таңдалған опция оған дейін таңдалған опциялардың біреуімен үйлесімді болмаса, таңдалған бірінші опцияға тиісті индикатор шамы жыпылықтайды және екінші опция қосылады; түймеге сәйкес келетін индикатор шамы қалыпты түрде жанып тұрады.

! Опциялар ұсынылатын жүк мәніне және/немесе циклдың мерзіміне әсер етуі мүмкін.

- 7. БАҒДАРЛАМАНЫ БАСТАУ.** БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін басыңыз. Тиісті индикатор шамы қалыпты түрде жанып тұрады және есік құлыпталады ( О ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ индикатор шамы жанады). Қай кезең орындалып жатқанын білдіру үшін жуу циклы барысында жуу циклының кезеңдеріне сәйкес келетін белгішелер жанады. Жуу циклы басталғаннан кейін оны өзгерту үшін, БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін басу арқылы құрылғыны тоқтатып қойыңыз; одан кейін қажетті циклды таңдап, БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін тағы бір рет басыңыз. Жуу циклы барысында есікті ашу үшін, БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін басыңыз; ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ  О индикатор шамы өшсе, есікті ашуға болады. Жуу циклын тоқтатылған жерінен қайта бастау үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін тағы бір рет басыңыз.

- 8. ЖУУ ЦИКЛЫНЫҢ СОҢЫ.** Оны жанып тұрған СОҢЫ мәтіні білдіреді. Есікті сол кезде ашуға болады. БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ индикатор шамы жыпылықтап тұрса, циклды аяқтау үшін осы түймені басыңыз. Есікті ашып, кірлерді алыңыз да, құрылғыны өшіріңіз.

! Басталып қойған циклды доғару қажет болса, цикл тоқтап, құрылғы өшкенше  түймесін басып ұстап тұрыңыз.

Сырылған көрпелерге, перделерді және нәзік киімдерге арналған дорба

Aqualtis кір жуғыш машинасы кірді қорғайтын арнайы дорбаның (ол құрылғымен бірге беріледі) арқасында, сізге ең бағалы әрі нәзік киімдеріңізді толық сенімділікпен жууды жеңілдетеді. Сырты синтетикалық материалдардан жасалған сырылған көрпелер мен қаптаулы заттарды әр жуған сайын осы дорбаны пайдалануды ұсынамыз.

Жуу циклдары мен опциялары

Жуу циклдарының кестесі

Программалар	Программалардың сипаттамасы	Темпера- тура (°C)	Макс. жылд. (айн/мин)	Кір жуғыш құралдар			Макс. жүктеу (кг)	Циклдің ұзақтығы	
				Жуу	Шайғыш	Ағартқыш			
Мақта-мата кірлерге арналған бағдарлама									
	Мақта: алдын ала кір жуу арқылы (кір жуу құралын арнайы ұяшыққа салу керек).	90°	1200	●	●	-	7	(*) Программалардың ұзақтығын дисплейден тексеруге болады	
	Мақта (1): өте лас ақ және қатты түрлі-түсті кір.	60° (Макс 90°)	1200	●	●	●	7		
	Мақта (2): өте лас ақ және күтіммен жуылатын түрлі-түсті кір.	40°	1200	●	●	●	7		
	Түрлі түсті Мақта (3) қатты кірлемеген ақ және нәзік түрлі-түсті бұйым.	40°	1200	●	●	●	7		
	Жейделер	40°	600	●	●	●	2		
	Джинсалар	40°	800	●	●	-	3,5		
Арнайы программалар.									
	Бала киімдері: өте лас күтіммен жуылатын түрлі-түсті ақ кір.	40°	800	●	●	●	3		
	Синтетика: қатты кірлеген мықты боялған түрлі-түсті бұйым.	60°	800	●	●	●	3		
	Синтетика: қатты кірлемеген мықты боялған түрлі-түсті бұйым.	40°	800	●	●	●	3		
	Ақ жаймалар: ақ жайма және сүлгі.	60°	1200	●	●	●	7		
	Мамық көрпелер: қаз мамығы бар киімдер үшін.	30°	1000	●	●	-	2		
	Жібек: жібек, вискозадан жасалған бұйымдар және іш киім үшін	30°	0	●	●	-	1		
	Жүн: жүн, кашемир және т.б. үшін	40°	600	●	●	-	1,5		
	Микс 30': қатты кірлемеген киімді тез сергіту үшін (жүн, жібек маталарға және колмен жууға арналмаған).	30°	800	●	●	-	3		
Жеке бағдарламалар									
	Шаю	-	1200	-	●	●	7		
	Сығу	-	1200	-	-	-	7		
	Суды төгу	-	0	-	-	-	7		


Дисплее немесе осы кітапшада көрсетілген циклдың мерзімі тек шамамен берілген және ол стандартты жұмыс жағдайларына сәйкес есептеледі. Нақты мерзім су температурасы мен қысымы, қолданылған жуғыш зат мөлшері, салынған кірлердің мөлшері мен түрі, жүктің теңестірілуі және таңдалған кез келген опциялар сияқты ықпалдарға байланысты болады.

(*) Ескертпе: БАСТАЛҒАННАН 10 минут өткеннен кейін, құрылғы ішіндегі жүк негізінде жуу циклының соңына дейін қалған уақытты қайтадан есептейді; бұл мән одан кейін дисплее көрсетіледі.

Барлық сынақ мекемелері үшін:
1) Жуу циклын EN 60456 стандартына сәйкес тексеріңіз: жуу циклын 60°C температурасымен орнатыңыз.
2) Мақтадан жасалған заттарға арналған ұзақ жуу циклы: жуу циклын 40°C температурасымен орнатыңыз.
3) Мақтадан жасалған заттарға арналған қысқа жуу циклы: жуу циклын 40°C температурасымен орнатыңыз.

Жуу опциялары

Супер жуу



Циклдың бастапқы кезеңінде көп мөлшерде су қолдану және жуу циклының мерзімін көбейту арқасында бұл опция өнімділігі жоғары жууды ұсынады, және ол кетпей қоятын дақтарды кетіруге ерекше пайдалы.

Оны ағартқышпен немесе ағартқышсыз пайдалануға

болады. Ағартуды қаласаңыз, 1-бөлікке қосымша астауша бөлігін (3) салыңыз. Ағартқышты құйған кезде ортаңғы өзекте белгіленген «max» деңгейінен асып кетпеуге назар аударыңыз (суретті қараңыз).

Кірлерді толық жуу циклын орындамай-ақ ағарту үшін, ағартқышты қосымша 3-бөлікке құйып, «Шаю» циклын таңдаңыз да, «Супер жуу» опциясын қосыңыз.

! Оны опцияларымен бірге қолдануға болмайды.

Оңай үтіктеу

Бұл опцияны таңдау арқылы жуу және сығу циклдары тыртыстардың пайда болуын азайтатындай өзгертіледі.

Циклдың аяғында кір жуғыш машинаның барабаны баяу айналады;

«Оңай үтіктеу» және БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ индикатор шамдары жыпылықтайды. Циклды аяқтау үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін немесе «Оңай үтіктеу» түймесін басыңыз. **Жібек** жуу циклы қолданылғанда, **құрылғы циклды кірлер әлі суға салынып тұрғанда аяқтайды және** «Оңай үтіктеу» индикатор шамы жыпылықтап тұрады. Кірлерді алу мақсатында суды ағызу үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін немесе «Оңай үтіктеу» түймесін басыңыз.

! Оны опцияларымен бірге қолдануға болмайды.

Уақыт үнемдеуіші

Бұл опция таңдалса, жуу циклының мерзімі таңдалған циклға байланысты 30%-50%-ға азаяды, солайша бір уақытта су мен қуат үнемделеді. Бұл циклды аз кірленген киімдер үшін қолданыңыз.

! Оны опцияларымен бірге қолдануға болмайды.

Қосымша шаю

Бұл опцияны таңдау арқылы шаюдың тиімділігі артады және қалған жуғыш затты оңтайлы түрде шығару орындалады. Ол әсіресе жуғыш заттарға сезімтал тері үшін пайдалы. Бұл опцияны толық жүк салып жуған кезде немесе көп жуғыш зат қажет болған кезде қолдануды ұсынамыз.

! Оны опцияларымен бірге қолдануға болмайды.

Жуғыш заттар мен кірлер

KZ

Жуғыш зат

Қажетті жуғыш зат мөлшері мен түрі кірдің материалына (мақта, жүн, жібек және т.б.), сондай-ақ, оның түсіне, жуу температурасына, кірлену дәрежесіне және аймақтағы су қаттылығына байланысты болады. Жуғыш затты мұқият өлшеп салу ысыраптың алдын алып, қоршаған ортаны қорғауға көмектеседі: биологиялық түрде ыдырайтын болса да, табиғаттың тепе-теңдігіне әсер етуі мүмкін заттарды қамтиды.

Төмендегіні ескерген жөн:

- ұнтақ жуғыш заттарды ақ мақта киімдер және алдын ала жуу үшін қолданыңыз.
- сұйық жуғыш заттарды нәзік мақта киімдер және барлық төмен температуралы жуу циклдары үшін қолданыңыз.
- жүн мен жібек киімдер үшін нәзік сұйық жуғыш заттарды қолданыңыз.

Жуғыш затты жуу циклы басталмас бұрын тиісті бөлікке - немесе барабанның ішіне орналастырылған диспенсерге тікелей - құю керек. Екінші жағдайда, алдын ала жууы бар Мақта циклын таңдау мүмкін болмайды.

! Қолмен жууға арналған жуғыш заттарды қолданбаңыз, себебі олар тым көп көбік түзеді.

Кірлерді дайындау

- Киімдерді құрылғыға салмас бұрын сілкіп алыңыз.
- Түрлі түсті киімдерді ақ киімдерден бөлуге назар аударатын отырып, кірлерді материалдарына (жуу нұсқаулары жапсырмасындағы таңба) және түріне көре бөліңіз.
- Қалталарды босатып, түймелерді тексеріңіз;
- «Жуу циклдарының кестесі» атты кестедегі мәндерден асырып жібермеңіз, онда кірлердің құрғақ кездегі салмағы берілген.

Кірлердің салмағы қандай?

1 ақжайма	400-500 г
1 жастыққап	150-200 г
1 асжаулық	400-500 г
1 монша халаты	900-1200 г
1 орамал	150-250 г
1 джинсы	400-500 г
1 көйлек	150-200 г

Жуу бойынша ұсыныстар

Жейделер: Мүмкін болғанша жақсы күтім көрсету үшін әртүрлі материалдардан жасалған және әртүрлі түстегі көйлектерді жуу үшін арнайы «Жейделер»  жуу циклын қолданыңыз.

Джинсалар: барлық джинсы киімдер үшін арнайы «Джинсалар»  жуу циклын қолданыңыз; жуудан бұрын ішін сыртқа қаратыңыз және сұйық жуғыш затты қолданыңыз.

Бала киімдері: сәбилердің нәзік терісі аллергиялық реакция бермеуі үшін жаялықтардан барлық жуғыш зат қалдықтарын шығара отырып, сәбилердің киімінде әдетте болатын ластануды жою үшін арнайы «Бала киімдері»  циклын қолданыңыз. Цикл суды көбірек мөлшерде қолдану және жуғыш затқа қосылған арнайы зарарсыздандығыш қоспалардың әсерін оңтайландыру арқылы бактериялар мөлшерін азайту үшін жасалған. Жуу циклының аяғында құрылғы барабанды баяу айналдырады; циклды аяқтау үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін басыңыз.

Жібек: жібек киімдерді жуу үшін арнайы «Жібек»


 жуу циклын қолданыңыз. Нәзік киімдерді жууға арналған арнайы жуғыш заттарды пайдаланған абзал.

Перделер: «Жібек»  жуу циклын қолданыңыз.

Оларды берілген дорбаға бүктеп салу керек.

Жүн: Woolmark компаниясы тарапынан атақты «Woolmark Platinum Care» аттестаты (M.0508) берілген жалғыз кір жуғыш машина бренді, яғни бұл кір жуғыш машинада, тіпті жапсырмасында «тек қолмен жуу»  жазуы бар жүн киімдерін қоса, барлық жүн киімдерін жууға болады. «Жүн» жуу циклын оңтайлы тиімділікке сенімді болып, барлық жүн киімдерін кір жуғыш машинада жуу үшін қолдануға болады.

Мамық көрпелер: Бір адамға арналған мамық көрпені (оның салмағы 2 кг-нан аспауы тиіс), жастықтарды немесе мамық куртқалар сияқты қаз мамығы бар киімдерді жуу үшін арнайы «Мамық көрпелер»  жуу циклын қолданыңыз. Мамық көрпелерді шеттерін ішке қайырып (*суретті қараңыз*) және барабанды 3/4 көлеміне ғана толтырып барабан ішіне салыңыз. Ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін сұйық жуғыш қолданылып, жуғыш зат тартпасына құйылғаны абзал.



Сырылған көрпелер: сыртқы синтетикалық қабы бар сырылған көрпелерді жуу үшін берілген дорбаны пайдаланыңыз және жуу циклын «Мамық көрпелер»  циклына орнатыңыз.

Төсек орын бұйымдары мен орамалдар: үйдегі барлық кірлерді жуу үшін «Ақ жаймалар»  циклын қолданыңыз; ол кондиционердің тиімділігін оңтайландырып, уақыт пен қуатты үнемдеуге көмектеседі. Ұнтақ жуғыш затты қолданған абзал.

Кетпей қоятын дақтар: кетпей қоятын дақтарды жуудан бұрын сабынмен ысқылаған және алдын ала жууы бар Мақта циклын қолданған жөн.

Жүкті теңестіру жүйесі

Әрбір сығу циклынан бұрын, әрбір сығудан бұрын шамадан тыс дірілдеудің алдын алу және жүкті біркелкі түрде тарату үшін, барабан жуу кезіндегі айналу жылдамдығын сәл көбірек жылдамдықпен айналып тұрады. Егер бірнеше әрекеттен кейін жүк дұрыс теңестірілмесе, құрылғы төмендетілген сығу жылдамдығында айналдырады. Егер жүк тым теңестірілмеген болса, құрылғы сығу орнына тарату үдерісін орындайды. Жүктің таралуы мен теңестірілуін жақсарту үшін кіші және үлкен киімдерді аралас салуды ұсынамыз.

Сақтандырулар мен кеңестер

! Бұл құрылғы халықаралық қауіпсіздік ережелеріне сай өңделіп шығарылған. Төмендегі ақпарат қауіпсіздік ережелерін ескерту мақсатында берілген және оны мұқият оқып шығу қажет.

Жалпы қауіпсіздік

- Бұл құрылғы қауіпсіздіктеріне жауапты адам құрылғыны қолдану бойынша кеңес не нұсқау бермеген жағдайда, дене, сезіну немесе ой қабілеті төмен немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдармен (оның ішінде балалармен) қолданылуға арналмаған. Балалар құрылғымен ойнамауы үшін оларды бақылау керек.
- Бұл құрылғы тек үйде пайдаланылуға арналған.
- Құрылғыны жалаң аяқ немесе қолыңыз немесе аяғыңыз ылғал болғанда ұстамаңыз.
- Құрылғыны розеткадан ағытқан кезде ток кабелінен ұстап тартпаңыз. Айырды ұстап тартыңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде жуғыш зат тартпасын ашпаңыз.
- Ағызылған суға тимеңіз, себебі оның температурасы өте жоғары болуы мүмкін.
- Есікті күштеп тартпаңыз. Әйтпесе, кездейсоқ ашудан қорғауға арналған қауіпсіздік құлпы механизмі зақымдалуы мүмкін.
- Құрылғы бұзылып қалса, ешбір жағдайда өз бетіңізбен жөндеу мақсатында ішкі бөліктерге тиюші болмаңыз.
- Өрқашанда балаларды құрылғыдан алыс ұстаңыз.
- Жуу циклы барысында есік қатты қызып кетуі мүмкін.
- Құрылғыны жылжыту керек болса, екі немесе үш адамнан тұратын топпен жұмыс істеңіз және де өте абай болыңыз. Мұны жалғыз өзіңіз орындаушы болмаңыз, себебі құрылғы өте ауыр.
- Кірлерді кір жуғыш машинаға салмас бұрын, барабан бос екеніне көз жеткізіңіз.

Қоқысқа тастау

- Орама материалдарын қоқысқа тастау: ораманың қайта пайдаланылуы мүмкін болатындай жергілікті ережелерді орындаңыз.
- Электр және электроникалық құралдардың қалдықтарына (WEEE) қатысты 2002/96/ЕС Еуропа заңнамасына сәйкес үй құрылғылары қалыпты толық қалалық қалдық айналымын пайдаланып жойылмауы тиіс. Қоршаған орта мен халық денсаулығына тиетін зиянның алдын ала отырып, жарамсыз құрылғылар қайта пайдалану мен машина ішіндегі материалдарды өңдеу құнын оңтайландыру мақсатында бөлек жиналуы керек. Барлық өнімдердегі сызылған қоқыс жөшігі өнім иесінің бөлектелген қоқыс жинауға қатысты міндетін еске салады.
Үй құрылғыларын тиісті түрде қоқысқа тастау туралы қосымша ақпарат алу үшін ие адамдар жергілікті басқару мекемелеріне немесе сатушыға хабарласуы тиіс.

Есікті қолмен ашу


Ток өшіп қалғанға байланысты есікті ашу мүмкін болмаса және кірлерді алғыңыз келсе, төмендегі әрекеттерді орындаңыз:




1. айырды розеткадан ағытыңыз.

2. құрылғы ішіндегі судың деңгейі есік саңылауынан төмен екеніне көз жеткізіңіз; олай болмаса, ағызу түтігінің көмегімен, *суретте* көрсетілгендей, артық суды шелекке ағызып алыңыз.

3. кір жуғыш машина кептіргішінің алдыңғы төмен бөлігіндегі қақпақ панелін алып тастаңыз (*парақтың артқы бетін қараңыз*).



4. пластикалық арқалық өзінің тоқтау позициясынан босағанша, *суретте* көрсетілгендей, ілмектің көмегімен сыртқа қарай тартыңыз; есіктің құлпы ашылғанын білдіретін «тық» еткен дауысты естігенше төмен қарай тартыңыз.



5. есікті ашыңыз; әлі де мүмкін болмаса, процедураны қайталаңыз.

6. құрылғыға итеріп салмас бұрын, ілмектері орнына мықтап отырғанына көз жеткізіп, панельді орнына қойыңыз.

Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету

KZ


Су мен тоқты өшіру

- Әрбір жуу циклынан кейін су шүмегін жауып отырыңыз. Бұл құрылғының гидравликалық жүйесінің тозуын шектейді және су ағып кетудің алдын алуға көмектеседі.
- Құрылғыны тазалаған кезде және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындаған кезде оны токтан ажыратыңыз.

Құрылғыны тазалау

Құрылғының сыртқы жақтары мен резеңкеден жасалған құрамдас бөліктерін жылы сабынды сумен суланған жұмсақ шүберекпен тазалауға болады. Еріткіштерді немесе абразивті заттарды қолданбаңыз.

Жуғыш зат тартпасын тазалау



Тартпаны шығарып алу үшін тұтқаны басып (1), тартпаны сыртқа қарай тартыңыз (2) (суретті қараңыз). Оны су ағыны астында жуыңыз; бұл процедураны жиі қайталап тұру керек.

Құрылғы барабанына күтім көрсету



- Жағымсыз иістер пайда болмауы үшін есікті әрқашан сәл ашып қою керек.

Сорғыны тазалау


Кір жуғыш машина ешбір техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейтін, өзін-өзі тазалайтын сорғымен жабдықталған. Кейде кіші заттар (тиындар немесе түймелер сияқты) сорғының астындағы алдыңғы қорғау камерасына түсіп кетуі мүмкін.

! Жуу циклы аяқталғанына көз жеткізіңіз де, құрылғыны розеткадан ағытыңыз.

Алдыңғы камераға қол жеткізу үшін:



1. қақпақ панелін алдымен ортасынан басу және одан кейін шығарып алынатындай оны екі жағынан ұстап төмен қарай тарту арқылы панельді шешіп алыңыз (суреттерді қараңыз);



2. ағатын суды жинап алу үшін бір ыдысты орналастырыңыз (шамамен 1,5 л) (суретті қараңыз);
3. қақпақты сағат тіліне қарсы бағытта бұру арқылы бұрап шығарып алыңыз (суретті қараңыз);

4. ішін жақсылап тазалаңыз;
5. қақпақты орнына бұраңыз;
6. құрылғыға итеріп салмас бұрын, ілмектері орнына мықтап отырғанына көз жеткізіп, панельді орнына қойыңыз.

Судың кіріс түтігін тексеру

Кіріс түтігін кем дегенде жылына бір рет тексеріңіз. Шатынаған болса, оны дереу ауыстыру керек: жуу циклдарының барысында су қысымы өте жоғары болады және шатынаған түтік жарылып кетуі әбден мүмкін.

Ақаулықтарды жою

KZ

Кір жуғыш машина кейде жұмыс істемей қалуы мүмкін. Техникалық көмек көрсету орталығына хабарласпас бұрын («Көмек» тарауын қараңыз), төмендегі тізімді қолдана отырып ақаулықты оңай шешу мүмкін емес екендігіне көз жеткізіңіз.

Ақаулық:

Ықтимал себептері / шешімдері:

Кір жуғыш машина қосылмайды.

- Құрылғы розеткаға толығымен қосылмаған немесе түйісу үшін жеткілікті емес.
- Үйде ток жоқ.

Жуу циклы басталмайды.

- Есік дұрыс жабылмаған.
- БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесі басылмаған.
- Су шүмегі ашылмаған.
- Кешіктіріп бастау орнатылған.

Кір жуғыш машина сумен толтырылмайды.

- Судың кіріс түтігі шүмекке қосылмаған.
- Түтік майыстырылған.
- Су шүмегі ашылмаған.
- Үйде су жоқ.
- Қысым тым төмен.
- БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесі басылмаған.

Кір жуғыш машина есігі құлыптаулы түрде қалады.

- Егер «Сәби» циклын немесе «Оңай үтіктеу» опциясын таңдаған болсаңыз, жуу циклы аяқталғаннан кейін құрылғы барабанды баяу айналдырады; циклды аяқтау үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін немесе «Оңай үтіктеу» түймесін басыңыз. Егер «Жібек» жуу циклын таңдаған болсаңыз, құрылғы кірлер суға салынып тұрған кезде циклды аяқтайды; кірлерді алу мақсатында суды ағызу үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін немесе «Оңай үтіктеу» түймесін басыңыз.

Құрылғы сумен толып, оны ағызып тұра береді.

- Ағызу түтігі еденнен 65-100 см биіктікте орналастырылмаған («Орнату» тарауын қараңыз).
- Түтіктің бос шеті су астында («Орнату» тарауын қараңыз).
- Егер ғимараттың жоғарғы қабаттарының бірінде тұратын болсаңыз, суды ағызуға байланысты проблемалар болуы мүмкін, оның нәтижесінде кір жуғыш машина сумен толып, оны ағызып тұра беруі мүмкін. Дүкендерде арнайы ағызуға қарсы клапандар бар, олар бұл проблеманы шешуге көмектеседі.
- Қабырғадағы канализация жүйесі сапун құбырымен жабдықталмаған.

Кір жуғыш машина суды ағызбайды не сықпайды.

- Жуу циклында ағызу жоқ: Кейбір жуу циклдары ағызу кезеңінің қолмен басталуын қажет етеді («Жуу циклдары мен опциялары» тарауын қараңыз).
- «Оңай үтіктеу» опциясы қосылған: жуу циклын аяқтау үшін БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ түймесін басыңыз («Жуу циклдары мен опциялары»).
- Ағызу түтігі майысқан («Орнату» тарауын қараңыз).
- Ағызу түтігі бітелген.

Құрылғы сығу циклы барысында көп дірілдейді.

- Орнату кезінде барабанның бұғаты дұрыс алынбаған («Орнату» тарауын қараңыз).
- Құрылғы түзу емес («Орнату» тарауын қараңыз).
- Құрылғы шкафтар мен қабырғалар арасына қойылған («Орнату» тарауын қараңыз).
- Жүк теңестірілмеген («Жуғыш заттар мен кірлер» тарауын қараңыз).

Кір жуғыш машинадан су ағады.

- Судың кіріс түтігі дұрыс бұралып мықталмаған («Орнату» тарауын қараңыз).
- Жуғыш зат диспенсері бітелген (оны тазалау үшін «Күтім көрсету және техникалық қызмет көрсету» тарауын қараңыз).
- Ағызу түтігі орнына дұрыс бекітілмеген («Орнату» тарауын қараңыз).

«Орындалып жатқан кезең» жазуына сәйкес келетін белгішелер ҚОСУ/ӨШІРУ индикатор шамымен бір уақытта жылдам жыпылықтап тұрады.

Тым көп көбік болады.

- Құрылғыны өшіріп, оны токтан ағытыңыз, одан кейін шамамен 1 минут күтіңіз де, оны қайтадан қосыңыз. Проблема шешілмесе, Техникалық көмек көрсету қызметіне хабарласыңыз.

Кір жуғыш машина есігі құлыптаулы түрде қалады.

- Жуғыш зат кір жуғыш машинаға қолайлы емес (онда «кір жуғыш машиналарға арналған», «қолмен жууға және кір жуғыш машинаға арналған» немесе осыған ұқсас жазу болуы керек).
- Тым көп жуғыш зат қолданылған.

- Қолмен құлыпты ашу процедурасын орындаңыз («Сақтандырулар мен кеңестер» тарауын қараңыз).

! Ескертпе: «Демо режим» режимінен шығу үшін «ҚОСУ/ӨШІРУ» және «БАСТАУ/ТОҚТАТА ТҰРУ» түймелерін 3 секунд бойы бір уақытта басып ұстап тұрыңыз.

KZ

Техникалық қолдау орталығына хабарласпас бұрын:

- Ақаулықты өзіңіз шеше алатыныңызды тексеріңіз («Ақаулықтарды жою» тарауын қараңыз);
- Ақаулық шешілгенін тексеру үшін жуу циклын қайтадан бастаңыз;
- Егер жойылмаса, Уәкілетті техникалық қолдау орталығына хабарласыңыз.

! Кір жуғыш машина дұрыс орнатылмаған немесе пайдаланылмаған болса, үйге шақырылатын қызметке төлеуге мәжбүр боласыз.

! Тек уәкілетті мамандардан көмек сұраңыз.

Келесі мәліметтерді оңай жерде ұстаңыз:

- ақаулықтың түрі;
- құрылғының моделі (Мод.);
- сериялық нөмірі (С/н).

Жоғарыдағы ақпаратты құрылғының өзінде орналасқан техникалық деректер тақтасынан табуға болады.